

**«М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті» КЕАҚ «Ардагерлер
кеңесі» кеңейтілген мәжілісінің
№1 хаттамасы**

19 қыркүйек 2025 жыл

Мәжіліс төрағасы: Құсайынов Б.Е.

Хатшысы: Тастанова Ж.А.

Қатысқандар:

1. Құсайынов Б.Е.- университет кәсіподақ комитетінің төрағасы.
2. Университет «Ардагерлер кеңесінің» мүшелері: Мырзашев С.А.- төраға, Кабиева А.К., Халиева Ә.А., Тастанова Ж.А., Тулеубаев Ж.С., Қожабеков С.С, Нұрымбетов Ә.Ү.
3. Университеттің медиа орталығының басшысы- Абдуллаева З.Д.
4. Абдықадырова Т.Р. – университет Ғылыми кеңесінің мүшесі;
5. Сейлхан А.А- Жамбыл облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшесі;
6. Университет декандары: Тасуов Б.Т. , Исабекова Г.Б., Сейітқасым А.М, Ернішев Қ.А., Садубаев А.Қ., Дүйсенбеков Б.Т. – декан орынбасары.
7. Қарабалаев Қ.А. – Дене шынықтыру және АӘД факультеті «Ардагерлер кеңесінің» төрағасы.

Күн тәртібінде:

I. М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесінің» 2024-2025 оқу жылдарындағы атқарылған жұмыстарының есебі.

(Баяндамашы: Мырзашев С.М.-төраға)

II. М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесінің» төрағасын сайлау.

III. М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесінің» Ережесін бекіту.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі 1-ші сұрақ бойынша: М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесінің» 2024-2025 оқу жылдарындағы атқарылған жұмыстары жөніндегі төраға С.М Мырзашевтың есебі тыңдалды. (қосымшада тіркелген)

Талқыланды:

1. Халиева Ә.А.- Ардагерлер кеңесінің мүшесі, есеп бойынша ол кісі Кеңестің біршама жұмыстар жасағанын атап көрсетті, сонымен қатар Университеттің Ардагерлер кеңесінің мүшелерінің чатында: кейбір факультеттер ардагерлер кеңесінің төрағаларының белсенділік танытпайтынын, факультеттегі Ардагерлердің жағдайлары туралы хабарлар берілмейтіндігін атап өтті. Университет Ардагерлер Кеңесі кәсіподақ комитетіне жыл басында жұмыс істемейтін ардагерлерге емдеу және сауықтыру санаторий-профилакторийларына аз дегенде 2-3 жолдамаға тапсырыс беріп отырса және мүмкіндік болса жаңа жылдық шыршаға әрбір үйде отырған ардагерлерге бір-бірден сыйлық беріп жатса, жақсы болар еді деген ұсынысын енгізуді сұрады. Жалпы, ардагерлер Кеңесінің өткен оқу

жылындағы атқарылған жұмыстары жөніндегі есебіне қанағаттанарлық деген баға берді.

2. Сейлхан А.А. - Жамбыл облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшесі. Ол өз сөзінде Тараз Университеті Ардагерлер Кеңесінің облыстық және қалалық іс-шараларға қатысып, белсенділік көрсетіп жүргенін атап айтты.

3. Қожабеков С.С. – Экономика және құқық факультеті Ардагерлер Кеңесінің төрағасы, Университет Ардагерлер кеңесі басшылықпен, кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып, ауқымды жұмыстар атқарып отырғанын айта келе, кеңес жұмысының 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға берді.

II Күн тәртібіндегі 2-ші сұрақ бойынша университеттің Ардагерлер Кеңесінің төрағасы С.М.Мырзашевтың –Қазақ Ұлттық су шаруашылығы және Ирригация университетіне ауысуына байланысты жаңа төраға сайлау керектігі белгілі болды. Осы жөнінде Университет Ғылыми Кеңесінің мүшесі, Абдықадырова Т.Р.: А.К.Кабиеваның кандидатурасының кеңес төрағасына әбден лайық екенін атап өтті. Өйткені А.К.Кабиева Тараз университетінде 40 жылға жуық қызмет атқаратынын, сонымен қатар университеттің қазіргі таңда жұмыс істейтін және құрметті демалыста үйде отырған барлық ардагерлерін жақсы танытандығын, олардың арасында жеткілікті деңгейде беделге ие екендігін, ең негізі облыс, қала көлеміндегі қоғамның барлық саласында белсенді екендігін атап өтті.

1) Нұрымбетов Ә.Ү. –технологиялық факультеттің Ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол өз сөзінде А.К.Кабиеваның бойында Ардагерлер кеңесінің төрағасына қажетті барлық қасиеттердің бар екендігін, ұйымдастырушылық қабілетінің де зор екендігін тілге тиек етті.

2) Ернишев Қ.А. –экономика және құқық факультетінің деканы. Ол өз сөзінде 2020-жылғы пандемиядан кейін облыстағы оқушылар мен студенттер арасында құқық бұзушылық фактілерінің көбейіп кеткенін атап өтті. Сол себепті Ардагерлер құқық бұзушылықтың жастар неге бейім болып бара жатқанын анықтайтын комиссияға қатысса, сонымен қатар кейбір топтардың мысалға «Болашақ» толық дәлелденбеген фактілерге сүйеніп, біздің университеттің беделіне нұқсан келтіретін және рейтингісін түсіретін қауесеттердің көбейіп кеткендігіне назар аударып, олардың орынсыз айтылған сын- мақалаларына жауап ретінде Ардагерлер кеңесі барлық факультеттердегі студенттермен, профессор оқытушылар құрамымен және қызметкерлерімен кездесіп, бірлескен жиналыстар өткізсе - деген ойымен бөлісті. Сонымен қатар ол университеттің барлық декандары атынан Ардагерлер Кеңесінің төрағасы А.К.Кабиеваны қолдайтынын және ол кісінің жұмысына жан-жақты қандай да болсын көмек көрсетуге дайын екендігін атап өтті.

3) А.К.Кабиева - жаңа сайланған М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесінің» төрағасы. Ол өз сөзінде былай деді:

- біріншіден, маған үлкен сенім артып, қолдау көрсеткендеріңізге рахмет. Барлығымыз бірлесе отырып, Ардагерлер кеңесінің жұмысын өз деңгейінде атқарамыз - деген ойдамын.

- екіншіден, университеттің рейтингісін көтеру мақсатында басшылықтың атқарып отырған жұмыстарына қолдау көрсетіп, университеттің абыройын көтеру жолында қызмет жасауымыз керек. Ардагерлер Кеңесі жас ұрпақты Отан сүйгіштікке, елінің патриотты болуға шақыратын іс-шараларға қатысып, белсенділік танытады деген ойдамын.

- үшіншіден, Ардагерлер Кеңесінің мүшелігіне «Дене шынықтыру және АӘД» факультетінен Қ.А.Қарабалаевты, «Жаратылыстану пәндері» факультетінен Б.Ж.Қушқимбаеваны, «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінен А.Болтаевты, «Технологиялық факультеттен» Б.М.Уалиевты, «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінен Т.Р.Абдықадырованы қосуды ұсынамын.

III Күн тәртібіндегі 3-ші сұрақ бойынша Ардагерлер кеңесінің мүшесі Тастанова Ж.А. сөз алып, университеттің Ардагерлер Кеңесінің Ережесімен таныстыра келе, оны осы мәжілісте қарап бекіту керектігін айтты.

Мәжіліс соңында күн тәртібінде қаралған барлық мәселелерді талдап, талқылай отырып, М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесі» төмендегідей **ШЕШІМ** қабылдады:

I. Университет «Ардагерлер кеңесінің» 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстары жөніндегі кеңес төрағасы С.М.Мырзашевтың есебі тыңдалып, назарға алынсын және қанағаттанарлық деген баға берілсін, басқа ЖОО-на ауысуына байланысты университеттің ардагерлер кеңесінің құрамынан шығарылсын.

II. М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ «Ардагерлер кеңесінің» төрағасы болып А.К.Кабиева бекітілсін.

Ардагерлер Кеңесінің бұрынғы мүшелеріне қосымша: Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінен Т.Р.Абдықадырова, «Дене шынықтыру және АӘД» факультетінен Қ.А.Қарабалаев, «Жаратылыстану пәндері» факультетінен Б.Ж.Қушқимбаева, «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінен А.Болтаев, «Технологиялық факультеттен» Б.М.Уалиевпен толықтырылсын.

III. М.Х.Дулати атындағы Тараз Университеті КЕАҚ Ардагерлер кеңесінің «Ережесі» бекітілсін.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Төраға
Хатшы



Құсайынов Б.Е.
Тастанова Ж.А.